

«БЕКІТІЛГЕН»
«Евразия» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен
03.01.2024 ж. Хаттама



ТУРИСТІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
«Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ

Алматы 2024

Осы Ережелердің мәні шетелде болу кезінде осы Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде шұғыл медициналық және медициналық – көліктік көмек алу қажеттілігіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мүліктік мүдделерін сақтандыру болып табылады.

Осы Ережелердің шарттарында «Евразия» ӨСК» АҚ туристі міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.

1. АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1.1. **ассистанс** – ассистанс компанияның сақтандырылушыға сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан техникалық, медициналық және өзге де жәрдемдесу арқылы көмекті ұйымдастыруы;
- 1.2. **ассистанс компания** – туристі міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтандырушымен шетелге шығатын туриске (сақтандырылушыға) ассистанс беру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;
- 1.3. **пайда алушы** –Қазақстан Республикасының 2003.12.31 № 513-ІІ «Туристі міндетті сақтандыру туралы» Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.4. **сақтандыру жағдайы** – басталғанынан кейін туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;
- 1.5. **сақтандыру омбудсманы** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 1.6. **сақтандыру сертификаты** – жасалған сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) растау үшін сақтандырушы ресімдеген, сақтандырылушыға қатысты қолданыстағы сақтандыру арқылы қорғаудың бар екені туралы куәландыратын және сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыруды жабу талаптары туралы ақпаратты қамтитын құжат;
- 1.7. **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 1.8. **сақтандыру сыйлықақысы** – сақтандырушының туристі міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы оған төлеуге міндетті болатын ақша сомасы;
- 1.9. **сақтандыру төлемі** – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 1.10. **сақтандырушы** – «жалпы сақтандыру» саласында немесе «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті сақтандыру ұйымы;
- 1.11. **сақтандырылушы** – шетелге шығатын турист;
- 1.12. **сақтанушы** – сақтандырылушының пайдасына сақтандырушымен туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан шығу туризмі саласындағы туроператор;
- 1.13. **турагент** – шығу туризмі саласындағы туроператор қалыптастырған туристік өнімді алға ілерілету мен өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
- 1.14. **туристі міндетті сақтандыру** – сақтандырылушының осы Ережелерде көрсетілген оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстардың туындау тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Осы Ережелерде көрсетілген сақтандыру жағдайларының басталуы салдарынан өміріне, денсаулығына зиян келтірілген сақтандырылушының мүлдіктік мүддесі туристі міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ. ЛИМИТТЕР

- 3.1. Сақтандыру бағдарламалары бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы), әрбір сақтандыру жағдайы бойынша өтеуге жататын шығыстардың түрлері осы Ережелерге қосымшада белгіленген.
- 3.2. Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларымен белгіленеді. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша АҚШ доллары пайдаланылады.
- Халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасында, туристі міндетті сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемдері еуромен белгіленеді.
- 3.3. Залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтандырылушы шеккен шығыстарды сақтандырушы, тіпті, егер тиісті шаралар сәтті болмаса да, егер осындай шығыстар сақтандырылушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілген болса, өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемақысының жалпы сомасы туристі міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтандырылушының нұсқауларын сақтандырылушының орындауы салдарынан туындаған болса, олар туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша оған тиесілі болатын сақтандыру сомасына қарамастан, толық мөлшерде өтеледі.
- Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы шығыс шеккен тұлғаға тікелей өтейді.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша әрбір күн үшін жеке есептеледі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сақтандыру шарты жасалған күнге белгілеген бағам бойынша АҚШ долларымен бір сапар үшін төмендегідей мөлшерлерді құрайды:

Сапар күндерінің саны	1-бағдарлама	2-бағдарлама	3-бағдарлама
10 күнге дейін	1,12	1,51	1,83
11 күннен 20 күнге дейін	1,12	1,48	1,70
21 күннен 40 күнге дейін	1,12	1,43	1,59
41 күннен 60 күнге дейін	1,03	1,40	1,53
61 күннен 90 күнге дейін	1,03	1,35	1,48
91 күн және одан көп	0,95	1,30	1,40

Сақтандыру сыйлықақысын есептеу мақсаттары үшін жолда болу уақытын қоса алғанда, сақтандырылушының уақытша болатын елдің (жердің) аумағында болатын күндердің саны (мерзім) пайдаланылады.

Туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемдері еуромен белгіленген кезде халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасында көзделген жағдайларда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша жеке есептеледі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру шарты жасалған күнге белгілеген бағам бойынша еуромен жоғарыда көрсетілген мөлшерлерді құрайды.

- 4.2. Туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы баптың 4.1-тармағында

көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандыру тәуекеліне өзі жүргізген бағалау нәтижелері бойынша ұлғайта алады, бірақ ол екі еседен аспауға тиіс.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді.

4.4. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Заңға және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 817-бабына сәйкес, сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға оның пайда болу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуға тиіс және сақтандырылушымен болған жазатайым оқиға немесе созылмалы аурудың кенеттен ауыруы немесе кенеттен асқынуы сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.2. Туристі міндетті сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін басталған мынадай оқиғалар:

5.2.1. сақтандыру аумағында болған, сақтандырылушының қайтыс болуына не оның денсаулығына зиян келтіруге алып келген жазатайым оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

Жазатайым оқиға деп сақтандырылушыға қатысты аяқ астынан, күтпеген жерден орын алған, қасақана болмаған сыртқы оқиға немесе әсер ету түсініледі;

5.2.2. денсаулығына елеулі зиянды болғызбау немесе өміріне төнген қауіпті жою үшін сақтандырылушыға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді талап ететін, кенеттен қатты ауыру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы ауруының асқынуы сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.3. Сақтандыру жағдайлары деп танылмайды және Сақтандырушы мынадай оқиғалардың нәтижесінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатылады:

5.3.1. Сақтандыру кезеңі басталғанға дейін Сақтандырылушыда диагноз қойылған кез келген дәрігерлік консультациялар немесе ауруды (дәрі-дәрмекті қоса алғанда) кез келген емдеу;

5.3.2. Асқыну сатысынан тыс кез келген дәрігерлік кеңес және / немесе созылмалы ауруды (соның ішінде дәрі-дәрмекпен) емдеу;

5.3.3. Жүктілікті кенеттен тоқтату қаупімен немесе мерзімінен бұрын босанумен байланысты емес кез келген дәрігерлік кеңес және жүкті әйелдерді кез келген емдеу (соның ішінде дәрі-дәрмекпен);

5.3.4. Онкологиялық аурулары, ЖИТС, мүгедектігі, басқа да жүйелі аурулары, психикалық, жыныстық жолмен берілетін аурулары бар және сапар кезінде өміріне қауіп төндіретін Сақтандырылушының денсаулық жағдайының кенеттен нашарлауымен байланысты емес Сақтандырылушылардың кез келген дәрігерлік кеңестері және кез келген емдеу (дәрі-дәрмекпен емдеуді қоса алғанда);

5.3.5. Сақтандырылушыға диагноз қойылған ауруға байланысты талап етілетін, Сақтандырылушы тұрақты негізде алуы тиіс және осыған байланысты Сақтандырылушыға сапар кезінде қажет болатын кез келген рәсімдер, емдік препараттар мен дәрі-дәрмектер, бұл туралы Сақтандырылушыға сақтандыру кезеңі басталғанға дейін белгілі болған (мысалы, диализ, химиотерапия, түрлі инъекциялар, демікпеге қарсы препараттар және т. б.), мұндай процедураларды уақытылы алмау немесе тиісті дәрі-дәрмектердің немесе дәрі-дәрмектердің болмауы Сақтанушының өміріне қауіп төндірсе де;

5.3.6. Сақтандырылушының шетелде болуы кезінде алғаш рет анықталған аурулар бойынша кез келген жоспарлы хирургиялық операцияларды жүргізу. Жоспарлы хирургиялық операциялар сақтандырылушының өміріне төнетін қатерге байланысты дереу жүргізу талап етілмейтін және Сақтандырылушының денсаулығына елеулі залал келтірмей, Сақтандырылушы Қазақстан Республикасына оралғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін операциялар болып саналады.

5.3.7. Ауыр ауруды емдеу мақсатында шетелге шыққан жағдайда Сақтандырылушының қайтыс болуы;

- 5.4. Жазатайым оқиға, кенеттен ауру немесе созылмалы аурудың кенеттен асқынуы сақтандыру жағдайы болып танылмайды және Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатылады:
- 5.4.1. Сақтандырылушының кәсіби спортпен шұғылдануы;
 - 5.4.2. Сақтандырылушының ауыр дәрежедегі алкогольдік мас күйінде, сондай-ақ есірткілік немесе уыттылық мас күйінде болу салдарынан орын алған оқиғалар, келесі жағдайларды қоспағанда: 1) емдеуші дәрігердің кеңесі бойынша дәрілік заттарды пайдалану; 2) құқық қорғау органы және (немесе) сот белгілеген есірткілік, уытты заттарды мәжбүрлеп пайдалану немесе оларды күштеп енгізу;
 - 5.4.3. Сақтандырылушының Қазақстан Республикасына уақытша болу елінен (орнынан) медициналық тасымалдаудан ерікті түрде бас тартуы немесе Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы бойынша жүгінуіне байланысты алған емдеуші дәрігердің кеңесін орындауы;
 - 5.4.4. Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 5.4.5. Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттері.
- 5.5. Заңда және Ережелерде Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босатудың өзге де негіздері көзделген.
- 5.6. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы сақтандырылушының нақты шығыстарының сомасына сүйене отырып, сақтандырылушыға не ассистанс компанияға ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде айқындайды.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ: ЖАСАУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ, ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

- 6.1. Туристі міндетті сақтандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында сақтандырылушының пайдасына жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.
Сақтандырылушының ерікті сақтандыру шартын жасасуы сақтанушыны туристі міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттен босатпайды.
- 6.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға туристі міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.
- 6.3. Туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңның талаптарын ескере отырып жасалған сақтандыру шартының негізінде, моральдық зиянды және ала алмаған пайданы өтеуге байланысты талаптарды қоспағанда, сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.
- 6.4. Туристі міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға электрондық нысанда сақтандыру полисін және сақтандыру сертификатын ресімдеуі арқылы жасалады.
Сақтанушы туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде уақытша болатын елге (жерге) және туристік қызмет көрсету шартында көрсетілген саяхат күндерінің санына қарай осы Заңға қосымшада көзделген сақтандыру бағдарламаларының бірін таңдайды, ол бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) және өтеуге жататын шығыстардың түрлері туристің өмірі мен денсаулығын сақтандыру бөлігінде халықаралық шарттардың және сақтандырылушы уақытша болатын ел (жер) заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.
Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны, сақтандырылушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректер қамтылатын сақтанушының өтініші туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады және сақтандырушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оның ішінде сақтандырудың бірыңғай дерекқорына/одан деректерді беруге және алуға сақтандырылған келісімнен алғаннан кейін сақтандырушыға беріледі.
Туристі міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
Сақтанушы тек қана турагент арқылы:
- әрбір сақтандырылушыға сақтандыру сертификатын беруге;
 - сақтандырылушының талап етуі бойынша сақтандыру полисін ұсынуға міндетті.

- 6.4.1. Туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі мен сақтандыру сертификатының мазмұнына қойылатын және оларды ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.
- 6.5. Егер туристі міндетті сақтандыру шарты сақтанушы мен сақтандырылушының жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен сақтандырылушының алдында Заңда белгіленген талаптар бойынша міндетті болады.
- 6.6. Туристі міндетті сақтандыру шарты сақтандырылушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткені туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі құрылымдық бөлімшесінің белгісін алған кезден бастап, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 6.7. Сақтандырушы жекелеген жағдайларда сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеуін кейінге қалдыруды ұсына алады. Мұндай кейінге қалдыру туристі міндетті сақтандыру шартының күшіне енуіне және сақтандырушының осы шарт бойынша міндеттемесіне әсер етпейді. Төлемді кейінге қалдыру сақтанушыға кейінге қалдыруды ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысын төлеуге сөзсіз міндеттеме жүктейді. Сақтанушының осы шартсыз міндеттемені мерзімінде орындамауы сақтанушыға қосымша міндеттемелер жүктейді. Кейінге қалдыру тәртібі және қосымша міндеттемелер сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған туристің мүдделерін қозғамайтын жеке жазбаша келісіммен реттеледі.
- 6.8. Туристі міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі туристік қызмет көрсетуге арналған шартта айқындалған сапар мерзімінен кем болмайды. Туристі міндетті сақтандыру шарты сақтандырылушы сақтандыру аумағынан шыққан кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезге дейін, бірақ турист рейстің кідіру себебінен шетелде қосымша мерзімге болған жағдайды қоспағанда, туристі міндетті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру мерзімі аяқталған күннен кешіктірілмей қолданылады. Туристі міндетті сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша өз қолданысын тоқтатпайды. Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және туристік қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша саяхат күндерінің саны көбейген кезде сақтанушы сақтандырылушының уақытша болатын елде (жерде) қосымша болу күндеріне туристі міндетті сақтандырудың жаңа шартын жасасады.
- 6.9. Туристі міндетті сақтандыру шартының қолданылу аумағы (сақтандыру аумағы) туристік қызметтер көрсету аумағы болып табылады. Туристі сақтандырудың міндетті бағдарламалары бойынша сақтандыру аумағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Егер туристі міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, мыналар:
- 6.9.1. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары баруға ұсынбайтын аумақтар;
- 6.9.2. сақтандырылушының уақытша тұруға рұқсаты немесе сақтандыру аумағында 90 күннен астам үзіліссіз болуға рұқсат беретін өзге құжаты болатын мемлекеттер;
- 6.9.3. сақтандырылушы азаматы болып табылатын мемлекеттер сақтандыру аумағынан алып тастауға жатады.
- 6.10. Туристі міндетті сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру аумағы 6.9-тармақтың 6.9.1-тармақшасында белгіленген алып тастауға жататын жағдайларда сақтандыру аумағын алып тастау туралы талап қолданылмайды.
- 6.11. Туристі міндетті сақтандыру шартының қолданылуы мына жағдайларда:
- 6.11.1. шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 6.11.2. шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 6.11.3. сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) туристі міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырғанда тоқтатылады.
- 6.2. Туристі міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 6.3. Егер туристі міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату оның талаптарын сақтандырушының орындамау кінәсінен туындаса, соңғысы сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтарады. Туристі міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мән-жайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданыста болған уақытқа бара-бар бір бөлігін алуға құқығы бар.

7. ТУРИСТІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНДА ЖАСАУ КЕЗІНДЕ САҚТАНДЫРУШЫҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 7.1. Туристі міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде сақтандырушының интернет-ресурсы сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады.
Туристі міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.
Сақтандыру ұйымдарының туристі міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын интернет-ресурстарының тізбесі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 7.2. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 7.3. Туристі міндетті сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде сақтандырушы:
- 7.3.1. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы электрондық хабар түріндегі хабарламаның сақтанушыға, сақтандырылушыға дереу жөнелтілуін;
 - 7.3.2. сақтанушының, сақтандырылушының дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы туристі міндетті сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты тексеру мүмкіндігін;
 - 7.3.3. сақтанушы, сақтандырылушы үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, туристі міндетті сақтандыру шартының электрондық нысанда сақталуын;
 - 7.3.4. сақтанушыға, сақтандырылушыға:
 - мәліметтерді өзгерту, туристі міндетті сақтандыру шартын қайта ресімдеу;
 - туристі міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету үшін қажетті ақпаратты (өтінішті, хабарламаны және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық нысанда жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
- Туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
Туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету тәртібі мен хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.
- 7.1. Туристі міндетті сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде, егер туристі міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы осы сақтандыру шартын сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап сақтандырушы ұсынған талаптарда жасасты деп есептеледі.
- 7.2. Туристі міндетті сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде сақтанушы осы Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен осы қосылу шартын жасасуға келісетінін растайды.
- 7.3. Сақтандырушы туристі міндетті сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Сақтанушы құқылы:
- 8.1.1. сақтандырушыдан туристі міндетті сақтандырудың талаптары мен тәртібін, туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

8.1.2. туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 20-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

8.1.3. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8.1.4. туристі міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8.1. Сақтанушы міндетті:

8.1.1. тиісті лицензиясы бар сақтандырушымен туристі міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

8.1.2. туристі міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

8.1.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы сақтандырушыны хабардар етуге (ауызша, жазбаша) міндетті. Ауызша нысандағы хабар кейіннен жазбаша расталуға тиіс;

8.1.4. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға туристі міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;

8.1.5. өзіне сақтанушы шығу туризмі саласында туроператор қалыптастырған туристік өнімді өткізген тұлғаны сақтандырушымен осы тұлғаның пайдасына туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар етуге.

8.2. Сақтандырылушы құқылы:

8.2.1. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;

8.2.2. сақтандыру сертификатын және қажет болған кезде сақтандыру полисін алуға;

8.2.3. сақтандырушыдан және (немесе) сақтанушыдан сақтандыру полисінде және сақтандыру сертификатында көрсетілген туристі міндетті сақтандыру талаптары мен тәртібін, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

8.2.4. туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынылмаған, толық немесе сапалы ұсынылмаған жағдайлар туралы сақтандырушыға хабар беруге;

8.2.5. сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерімен танысуға;

8.2.6. туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Ережелердің 13-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

8.2.7. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8.2.8. осы Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

8.2.9. оларды жоғалтып алған жағдайда, сақтандыру сертификатының телнұсқасын және қажет болған кезде сақтандыру полисінің көшірмесін алуға.

8.3. Сақтандырылушы міндетті:

8.3.1. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыға туристі міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;

8.3.2. сақтандыру полисінде және сақтандыру сертификатында көрсетілген туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша талаптармен танысуға және оларды бұлжытпай сақтауға;

8.3.3. сақтандыру полисінің (ол болған кезде) және (немесе) сақтандыру сертификатының және сақтандыру жағдайына қатысты растайтын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

8.3.4. сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту үшін шаралар қабылдауға;

8.3.5. сақтандыру жағдайы басталған кезде техникалық, медициналық және өзге де көмекті ұйымдастыру, іс-қимылдарды келісу және шығыстарды жүзеге асыру мақсатында болған жағдай туралы ассистанс компанияны сақтандыру сертификатында көрсетілген байланыстың кез келген қолжетімді тәсілімен жеке өзі немесе өкілі арқылы дереу хабардар етуге, ассистанс компанияға сақтандыру сертификаты және (немесе) сақтандыру полисі туралы деректерді хабарлауға;

8.3.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде ассистанс компанияның, сақтандырушының және өзге де құзыретті тұлғалардың, уақытша болатын елдің (жердің) билік органдарының ұсынымдарын, нұсқауларын орындауға;

8.3.7. сақтандыру жағдайынан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерлері туралы мән-жайларды

- анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды сақтандырушыға ұсынуға;
- 8.3.8. шұғыл жағдайда медициналық көмек алған және дәлелді себептермен ассистанс компанияны басталған сақтандыру жағдайы туралы дереу хабардар ету мүмкіндігі болмаған кезде ассистанс компанияға болған жағдай туралы екі тәулік ішінде не алғашқы мүмкіндік болған кезде хабар беруге;
- 8.3.9. сақтандырушының сұрау салуы бойынша шет тіліндегі құжаттарды қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасымен бірге ұсынуға;
- 8.3.10. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.
- 8.4. Туристі міндетті сақтандыру шартында сақтанушының және сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.
- 8.5. Сақтандырушы құқылы:
- 8.5.1. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан туристі міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті сақтандырылушы туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;
- 8.5.2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 8.5.3. сақтандырылушылардың осы Заңда көрсетілген сақтандыру жағдайларының басталуы салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 8.5.4. осы Ережелердің 11-бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
- 8.5.5. осы Ережелердің 12-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.
- 8.6. Сақтандырушы міндетті:
- 8.6.1. сақтанушыны міндетті сақтандыру талаптарымен және тәртібімен, оның ішінде тараптардың туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 8.6.2. туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру полисін және сақтандыру сертификатын ресімдеуге;
- 8.6.3. туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 8.6.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттармен сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 8.6.5. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 8.6.5.1. сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының, сақтандырылушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 8.6.5.2. сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;
- 8.6.5.3. сақтандырылушыдан осы Ережелердің 10-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындауға және сақтандырылушыға танысуға ұсынуға.
- 8.6.6. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8.6.7. сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

- 8.6.8. туристі міндетті сақтандыру шарты шеңберінде ассистансты қамтамасыз етуге міндеттенетін бір және (немесе) бірнеше ассистанс компаниямен шарттар жасасуға міндетті.
- 8.7. Туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

9. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУІ

- 9.1. Сақтандыру жағдайының белгілері (жазатайым оқиға, кенеттен ауыру немесе созылмалы аурудың кенеттен асқынуы) бар оқиға басталған кезде Сақтандырылушы оқиға басталғаннан кейін 24 сағат ішінде Сақтандырушыға берілген/жіберілген сақтандыру сертификатында көрсетілген Сақтандырушы тағайындаған сақтандыру жағдайларын реттеу жөніндегі компанияға (бұдан әрі - Ассистанс) Сақтандыру сертификатында көрсетілген Ассистанспен байланыс құралдары арқылы жүгінуге міндетті. Сақтандырылушының Ассистансқа өз бетінше жүгінуі іс жүзінде мүмкін болмаған жағдайда, мұндай өтінішті кез келген үшінші тұлғалар (Сақтандырылушының туыстары, жедел жәрдем дәрігерлері, Сақтандырылушы ауруханаға жатқызылған аурухана дәрігерлері, құтқарушылар және т. б.) не Сақтанушы Сақтандырылушымен орын алған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы білген бойда, сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін 3(үш) тәуліктен кешіктірмей жасауы тиіс.
- 9.2. Ереженің 9.1-тармағына сәйкес Сақтандырылушының Ассистансты хабардар ете алмау жағдайларын қоспағанда, сақтандыру жағдайы туралы Ассистансқа хабарламау немесе уақытылы хабардар етпеу, бұл кейіннен Сақтандырылушы дәлелдеуге тиіс (Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда дәлелдеу талап етілмейді), Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз бола алады немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін өз қалауы бойынша шектеуге құқық береді.
- 9.3. Сақтандырылушы Ассистанстың нұсқауларын, оның ішінде Ассистанс көрсеткен медициналық ұйымдарға жүгінуге қатысты нұсқауларды орындауға міндетті. Ассистанс пен Сақтандырылушы Сақтандырылушының өзі талап ететін медициналық және басқа да қызметтерді (тауарларды) төлеуді кейіннен Сақтандырылушының осындай қызметтерді алуға жұмсаған шығындарын өтеумен келісе алады. Ассистанс Сақтандырылушыдан талап етілетін медициналық және басқа да қызметтерге (тауарларға) дербес ақы төлеуді талап етуге құқылы, содан кейін Сақтандырушыға шығындарды өтеу туралы өтініш береді, егер оның Сақтандыру шартын жарамсыз деп санауға негіздері болса, егер Сақтандырылушыға мәлімделген оқиға Ереженің 5.3 және 5.4-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша сақтандыру жағдайлары болып табылмайды деп есептеуге негіз болса немесе Сақтандырылушының тарапынан сақтандыру алаяқтық фактісіне күдіктенуге негіз болса.
- 9.4. Ассистанс Сақтанушыға Шарттың жарамдылығын, Сақтандырылушының сапар мерзімдерін, Сақтандырылушы туралы ақпаратты және Сақтанушыға қажетті көмек көрсетуге жәрдемдесу фактісін анықтауға жәрдемдесу үшін жүгінуге құқылы. Сақтанушы өз құзыреті шегінде Ассистансқа жан-жақты көмек көрсетуге міндеттенеді.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 10.1. Сақтандырылушы не сақтандырылушыға ассистанс берілген кезде ассистанс компания сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жазбаша нысанда, оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.
- 10.2. Өтініш беруші сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын беруге міндетті. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:
- 10.2.1. сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі құрылымдық бөлімшесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткені туралы белгісі бар паспортының және (немесе) сақтандырылушының сақтандыру аумағында болуына негіз болып табылатын құжаттың көшірмесі;
- 10.2.2. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе

нотариат куәландырған көшірмесі, оның ішінде:

- медициналық көмекке өтініш жасаған күні, сақтандырылушының медициналық көмекке өтініш жасаған кездегі денсаулық жағдайы, диагнозы, дәрігердің тағайындауы (рецепті) туралы, жүргізілген медициналық манипуляциялар және саны, күні мен құны бойынша бөліне отырып, берілген дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын, медициналық мекеменің және дәрігердің мекенжайы мен байланыс деректері көрсетілген медициналық құжаттар;
- сомасы, валютасы, төлеу күні көрсетіле отырып, сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан сақтандырылушыға көрсетілген медициналық және өзге де қызметтердің ақысын төлеу фактісін растайтын құжаттар;
- атауы, саны мен құны көрсетіле отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (тауар чектері, шот-фактуралар, ақы төлеу туралы квитанциялар және өзге де құжаттар);
- жазатайым оқиға болған кезде – сақтандырылушының психикалық белсенді заттарды тұтыну фактісін және масаң күйін анықтау бойынша медициналық құжаттар;
- жазатайым оқиға болған кезде – жазатайым оқиға фактісін және оның орын алу мән-жайын растайтын құқық қорғау, сот органдарының және өзге де құзыретті органдардың құжаттары;
- сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда – қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы немесе патологиялық-анатомиялық ашып қарау хаттамасы;
- уақытша болатын елде (жерде) мәжбүрлі түрде анағұрлым ұзақ мерзім болған кезде не сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Қазақстан Республикасының аумағына мерзімінен бұрын оралған кезде – жол жүру құжаттарының (билеттер, отырғызу талондары) күшін жоюды немесе оларды ауыстыруды, қонақ үйде брондалған нөмірден, сондай-ақ шетелде болған мерзімнің пайдаланылмаған бөлігі үшін сақтандырылушыға ұсынылған басқа да туристік көрсетілетін қызметтерден бас тартуды растайтын құжаттар;
- сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын және (немесе) жақын туыстарын тасыған кезде – жол жүру құжаттары (билет, отырғызу талондары);
- сақтандыру сертификатында немесе сақтандыру полисінде көрсетілген телефон нөмірлері бойынша сақтандырушыға және ассистанс компанияға телефон соғудың, хабарлардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттар;
- залалдарды болғызбау және азайту бойынша шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар;
- пайда алушының жеке басын және құқықтарын растайтын құжаттар, қажет болған кезде, ұсынылады.

10.3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

Өтініш беруші сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

10.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде сақтандырушы сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

10.5. Сақтандырылушы айқындаған тұлға, ал сақтандырылушы қаза тапқан кезде оның мұрагерлері пайда алушы болып табылады.

10.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін:

10.6.1. осы баптың 10.2-тармағында көзделген құжаттарды алған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайының басталуы және ассистанс компанияны дәлелді себептермен бұл туралы хабардар етпей сақтандырылушының шұғыл жағдайда медициналық көмек алуы салдарынан сақтандырылушының шығыстарын өтеу;

10.6.2. ассистанс компаниямен келісу бойынша сақтандырылушыға медициналық және өзге де мекеме көрсеткен қызметтер құнын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен төлеу арқылы жүргізеді.

10.7. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне туристі міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда

алушы дау айтқан жағдайларда, сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім ішінде, аталған тұлғалардың бірде-біреуі дау айтпайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру төлемінің дау айтылатын бөлігін сақтандырушы соттың татуласу келісімі туралы ұйғарымы немесе, егер сот шешімді дереу орындауға жібермесе, соттың осы дау бойынша шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

10.8. Туристі міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

10.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

11.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде өтеді.

12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

12.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

12.1.1. сақтандырылушының сақтандыру жағдайын туындатуға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттерінің;

12.1.2. сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін:

12.2.1. сақтандырылушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

12.2.2. еңсерілмейтін күш жағдайлары;

12.2.3. әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша іс жүзінде шеккен шығыстар негізге алына отырып ұсынылатын құжаттарды қоспағанда, сақтандырылушының осы Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса берілетін құжаттарды сақтандырушыға толық көлемде ұсынбауы;

12.2.4. сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;

12.2.5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 839-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер негіз бола алады.

12.3. Осы баптың 12.1 және 12.2-тармақтарында көзделген негіздерден басқа, сақтандырушы мынадай:

12.3.1. сақтандырылушы кәсіби спортпен айналысқан;

12.3.2. сақтандырылушының мынадай:

- емдеуші дәрігердің нұсқамасы бойынша дәрілік заттарды тұтыну;

- құқық қорғау органы және (немесе) сот анықтаған, есірткі, уытқұмарлық заттарды мәжбүрлі түрде тұтыну не олардың күштеп енгізілу жағдайларын қоспағанда, алкогольдік, сондай-ақ есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйдің ауыр дәрежесінде болуы салдарынан басталған оқиға;

12.3.3. сақтандырылушы уақытша болатын елден (жерден) Қазақстан Республикасына медициналық тасымалдаудан немесе сақтандырылушы сақтандыру жағдайы бойынша өтініш жасауға байланысты алған емдеуші дәрігердің нұсқамаларын орындаудан ерікті түрде бас тартқан жағдайларда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады;

12.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер бар кезде, осы Ережелердің 10-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12.5. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

13. ТУРИСТІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- 13.1. Туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы, сақтандырылушы (пайда алушы): талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жіберуге не «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.
- 13.2. Сақтандырушы сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.
- 13.3. Сақтанушы, сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, сақтандырылушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысы бар құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 14.1. Дауларды қарау тәртібі.
Туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.
- 14.2. Қазақстан Республикасының туристі міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік
Қазақстан Республикасының туристі міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

15. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 15.1. Осы Ережелерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

ТУРИСТІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

№ p/c	Сақтандыру жағдайы ретінде танылатын оқиғалар және өтеуге жататын шығыс түрлері	Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) (АҚШ долларымен/еуромен)		
		1-бағдарлама	2-бағдарлама	3-бағдарлама
1.	Жазатайым оқиға:			
1.1	медициналық көрсетілетін қызметтерге, емдеуші дәрігер тағайындаған диагностикалық зерттеулерге, дәрілік заттарға, таңу құралдарына және бекіту құралдарына (гипс, бандаж) жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, стационарлық және амбулаториялық емдеу бойынша шығыстар; сақтандырылушыны шұғыл және кезек күттірмейтін мән-жайлар бойынша медициналық мекемеге тасу бойынша шығыстар; медициналық персоналдың бірге ілесіп жүруіне жұмсалатын шығыстарды (сақтандырылушының медициналық көрсетілімдер бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы тұратын жеріне өз бетінше қайтуға мүмкіндігі болмаған жағдайда) қоса алғанда, уақытша болатын елден (жерден) Қазақстан Республикасына шұғыл медициналық тасу бойынша шығыстар; мәйітті ашып қарауға, бальзамдауға және оның мәйітханада болуына, табытты сатып алуға, Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдауға арналған құжаттарды ресімдеуге жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, мүрде салынған сауытты немесе мәйітті (сүйекті) қайтаруды ұйымдастыруға жұмсалатын шығыстар;	10 000	30 000	50 000
1.2	жазатайым оқиға салдарынан болған жарақат алу нәтижесінде стоматологиялық қарап-тексеруге, рентгендік зерттеуге, тістерді жұлуды немесе пломбалауға жұмсалатын шығыстар;	100	300	300
1.3	егер сақтандырылушының денсаулық жағдайын емдеуші дәрігер мен ассистанс компанияның медициналық өкілі ауыр, өміріне қауіп төндіретін деп бағаласа және медициналық мекемеде болу мерзімі күнтізбелік он күннен асатын болса, жалғыз немесе кәмелетке толмаған балаларымен саяхаттап жүрген сақтандырылушының стационарлық емделу орнына кәмелетке толған бір жақын туысының жол жүру құжатына (билетіне) жұмсалатын шығыстар;	800	1000	1200
1.4	сақтандырылушымен болған сақтандыру жағдайының салдарынан сақтандыру аумағында қараусыз қалған сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын, егде жастағы жақын туыстарын тасу үшін ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар;	800	1000	1200

1.5	сақтандырушының, ассистанс компанияның атына жүзеге асырылатын хабарламаларға, телефон қоңырауларына және өзге де көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар; сақтандырылушыны стационардан шығарған күннен бастап Қазақстан Республикасының аумағына кеткен күніне дейін оның қонақүйде тұруына (бірақ күнтізбелік бес күннен аспайтын) ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар; жол жүру құжаттарының күшін жоюға немесе оларды ауыстыруға байланысты шығыстар; шетелде болу мерзімінің пайдаланылмаған бөлігі үшін қонақүйдегі брондалған нөмірден, сондай-ақ сақтандырылушыға ұсынылған басқа да туристік көрсетілетін қызметтерден бас тартуға байланысты шығыстар.	800	1 000	1 200
2.	Денсаулығына елеулі зиянды болғызбау немесе өміріне төнген қауіпті жою үшін сақтандырылушыға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді талап ететін кенеттен қатты ауыру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы ауруының асқынуы:			
2.1	медициналық көрсетілетін қызметтерге, емдеуші дәрігер тағайындаған диагностикалық зерттеулерге, дәрілік заттарға, таңу құралдарына және бекіту құралдарына (гипс, бандаж) жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, стационарлық және амбулаториялық емдеу бойынша шығыстар; сақтандырылушыны шұғыл және кезек күттірмейтін мән-жайлар бойынша медициналық мекемеге тасу бойынша шығыстар; медициналық персоналдың бірге ілесіп жүруіне жұмсалатын шығыстарды (сақтандырылушының медициналық көрсетілімдер бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы тұратын жеріне өз бетінше қайтуға мүмкіндігі болмаған жағдайда) қоса алғанда, шет мемлекеттен Қазақстан Республикасына шұғыл медициналық тасуға жұмсалатын шығыстар; мәйітті ашып қарауға, бальзамдауға және оның мәйітханада болуына, табытты сатып алуға, Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдауға арналған құжаттарды ресімдеуге жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, мүрде салынған сауытты немесе мәйітті (сүйекті) қайтаруды ұйымдастыруға жұмсалатын шығыстар;	10 000	30 000	50 000
2.2	медициналық көрсетілетін қызметтерге, жүктілік кезінде асқыну болған жағдайда сақтандырылушыны шұғыл және кезек күттірмейтін мән-жайлар бойынша медициналық мекемеге тасуға жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, амбулаториялық емдеу бойынша шығыстар;	300	500	600
2.3	егер сақтандырылушының денсаулық жағдайын емдеуші дәрігер мен ассистанс компанияның медициналық өкілі ауыр, өміріне қауіп төндіретін деп бағаласа және медициналық мекемеде болу мерзімі күнтізбелік он күннен асатын болса, жалғыз немесе кәмелетке толмаған балаларымен саяхаттап жүрген сақтандырылушының стационарлық емделу орнына кәмелетке толған бір жақын туысының жол жүру құжатына (билетіне) жұмсалатын шығыстар;	800	1000	1200

2.4	сақтандырылушымен болған сақтандыру жағдайының салдарынан сақтандыру аумағында қараусыз қалған сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын, егде жастағы жақын туыстарын тасу үшін ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар;	800	1000	1200
2.5	сақтандырушының, ассистанс компанияның атына жүзеге асырылатын хабарламаларға, телефон қоңырауларына және өзге де көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар; сақтандырылушыны стационардан шығарған күннен бастап Қазақстан Республикасының аумағына кеткен күніне дейін қонақүйде тұруына, бірақ күнтізбелік бес күннен аспайтын күнге ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар; жол жүру құжаттарының күшін жоюға немесе оларды ауыстыруға байланысты шығыстар; шетелде болу мерзімінің пайдала-нылмаған бөлігі үшін қонақүйдегі брондалған нөмірден, сондай-ақ сақтандырылушыға ұсынылған басқа да туристік көрсетілетін қызметтерден бас тартуға байланысты шығыстар.	800	1 000	1 200

Туристі міндетті сақтандыру бағдарламалары бойынша сақтандыру аумағы

1-бағдарлама Еуропа елдері	2-бағдарлама Еуропа елдері	3-бағдарлама Солтүстік және Оңтүстік Америка елдері
Беларусь (Беларусь Республикасы)	Австрия (Австрия Республикасы)	Америка Құрама Штаттары
Босния және Герцеговина	Албания (Албания Республикасы)	Антигуа және Барбуда
Молдова (Молдова Республикасы)	Андорра (Андорра Княздігі)	Аргентина (Аргентина Республикасы)
Сербия (Сербия Республикасы)	Бельгия (Бельгия Корольдігі)	Багам Аралдары (Багам Аралдары Достастығы)
Россия (Ресей Федерациясы)	Болгария (Болгария Республикасы)	Барбадос
Украина	Ватикан	Белиз
Черногория (Черногория Республикасы)	Венгрия	Боливия (Көпұлтты Боливия Мемлекеті)
Азия елдері	Германия (Германия Федеративтік Республикасы)	Бразилия (Бразилия Федеративтік Республикасы)
Абхазия	Греция (Грек Республикасы)	Венесуэла (Боливариан Венесуэла Республикасы)
Армения (Армения Республикасы)	Дания (Дания Корольдігі)	Гаити (Гаити Республикасы)
Афганистан (Ауғанстан Ислам Республикасы)	Ирландия (Ирландия Республикасы)	Гайана (Гайана Кооперативтік Республикасы)
Әзірбайжан (Әзірбайжан Республикасы)	Исландия (Исландия Республикасы)	Гватемала (Гватемала Республикасы)
Бангладеш (Бангладеш Халық Республикасы)	Испания (Испания Корольдігі)	Гондурас (Гондурас Республикасы)
Бахрейн (Бахрейн Корольдігі)	Италия (Италия Республикасы)	Гренада
Бруней (Бруней-Даруссалам Мемлекеті)	Латвия (Латвия Республикасы)	Доминика (Доминикан Республикасы)
Бутан (Бутан Республикасы)	Литва (Литва Республикасы)	Канада
Біріккен Араб Әмірліктері	Лихтенштейн (Лихтенштейн Княздігі)	Колумбия (Колумбия Республикасы)

Грузия	Люксембург (Люксембург Ұлы Герцогтігі)	Коста-Рика (Коста-Рика Республикасы)
Иордания (Иордания Хашимит корольдігі)	Македония (Македония Республикасы)	Куба (Куба Республикасы)
Иран (Иран Ислам Республикасы)	Мальта (Мальта Республикасы)	Мексика (Мексика Құрама Штаттары)
Йемен (Йемен Республикасы)	Монако (Монако Княздігі)	Никарагуа (Никарагуа Республикасы)
Камбоджа (Камбоджа Корольдігі)	Нидерланды (Нидерланды Корольдігі)	Панама (Панама Республикасы)
Катар (Катар Мемлекеті)	Норвегия (Норвегия Корольдігі)	Парагвай (Парагвай Республикасы)
Кувейт (Кувейт Мемлекеті)	Польша	Перу (Перу Республикасы)
Қырғызстан (Қырғыз Республикасы)	Португалия (Португалия Республикасы)	Сальвадор (Эль-Сальвадор Республикасы)
Қытай (Қытай Халық Республикасы)	Румыния	Сент-Винсент және Гренадины
Ливан (Ливан Республикасы)	Сан - Марино (Сан-Марино Республикасы)	Сент-Китс және Невис (Сент-Китс және Невис Федерациясы)
Моңғолия	Словакия (Словакия Республикасы)	Сент-Люсия
Мьянма (Мьянма Одағы Республикасы)	Словения Словения(Республикасы)	Суринам (Суринам Республикасы)
Непал (Непал Федеративтік Демократиялық Республикасы)	Финляндия (Финляндия Республикасы)	Тринидад и Тобаго (Тринидад және Тобаго Республикасы)
Оман (Оман Сұлтандығы)	Франция (Франция Республикасы)	Уругвай (Шығыс Уругвай Республикасы)
Оңтүстік Осетия (Оңтүстік Осетия Республикасы)	Чехия (Чехия Республикасы)	Чили (Чили Республикасы)
Өзбекстан (Өзбекстан Республикасы)	Швейцария (Швейцария Конфедерациясы)	Эквадор (Эквадор Республикасы)
Пәкістан (Пәкістан Ислам Республикасы)	Швеция (Швеция Корольдігі)	Ямайка
Сауд Арабиясы (Сауд Арабиясы Корольдігі)	Ұлыбритания (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі)	Австралия және Океания елдері
Сирия (Сирия Араб Республикасы)	Эстония (Эстония Республикасы)	Австралия (Австралия Одағы)
Таиланд (Таиланд Корольдігі)	Азия елдері	Вануату (Вануату Республикасы)
Тәжікстан (Тәжікстан Республикасы)	Вьетнам (Вьетнам Социалистік Республикасы)	Жаңа Зеландия
Түркия (Түркия Республикасы)	Жапония	Кирибати (Кирибати Республикасы)
Түрікменстан	Израиль (Израиль Мемлекеті)	Маршалл Аралдары (Маршалл Аралдары Республикасы)
Үндістан (Үндістан Республикасы)	Индонезия (Индонезия Республикасы)	Микронезия (Микронезия Федерациялық Штаттары)
Филиппины (Филиппины Республикасы)	Ирак (Ирак Республикасы)	Науру (Науру Республикасы)
Шри-Ланка (Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы)	Кипр (Кипр Республикасы)	Палау (Палау Республикасы)
Шығыс Тимор	Корея (Корея Халықтық Демократиялық Республикасы)	Папуа-Новая Гвинея (Папуа-Жаңа Гвиненнің Тәуелсіз Мемлекеті)
	Корея (Корея Республикасы)	Самоа (Самоа Тәуелсіз Мемлекеті)
	Лаос (Лаос Халықтық	Соломон Аралдары

	Демократиялық Республикасы)	
	Малайзия	Тонга (Тонга Корольдігі)
	Мальдивы (Мальдивы Республикасы)	Тувалу
	Палестина (Палестина Мемлекеті)	Фиджи (Фиджи Аралдары Республикасы)
	Сингапур (Сингапур Республикасы)	Африка елдері
	Африка елдері	Бенин (Бенин Республикасы)
	Алжир (Алжир Халық Демократиялық Республикасы)	Ботсвана (Ботсвана Республикасы)
	Ангола (Ангола Республикасы)	Буркина-Фасо
	Египет (Египет Араб Республикасы)	Бурунди (Бурунди Республикасы)
	Ливия (Ливия Мемлекеті)	Габон (Габон Республикасы)
		Гамбия (Гамбия Республикасы)
		Гана (Гана Республикасы)
		Гвинея (Гвинея Мемлекеті)
		Гвинея-Бисау (Гвинея-Бисау Республикасы)
		Джибути (Джибути Республикасы)
		Конго (Конго Республикасы)
		Замбия (Замбия Республикасы)
		Зимбабве (Зимбабве Республикасы)
		Кабо-Верде (Кабо-Верде Республикасы)
		Камерун (Камерун Республикасы)
		Кения (Кения Республикасы)
		Коморы (Комор Аралдары Одағы)
		Кот-д'Ивуар (Кот-д'Ивуар Республикасы)
		Лесото (Лесото Корольдігі)
		Либерия (Либерия Республикасы)
		Маврикий (Маврикий Республикасы)
		Мавритания (Мавритания Ислам Республикасы)
		Мадагаскар (Мадагаскар Республикасы)
		Малави (Малави Республикасы)
		Мали (Мали Республикасы)
		Марокко (Марокко Корольдігі)
		Мозамбик (Мозамбик Республикасы)
		Намибия (Намибия Республикасы)
		Нигер (Нигер Республикасы)
		Нигерия (Нигерия Федеративтік Республикасы)
		Оңтүстік Африка Республикасы
		Оңтүстік Судан (Оңтүстік Судан Республикасы)
		Орталық Африка Республикасы
		Руанда (Руанда Республикасы)

		Сейшелы (Сейшел Аралдары Республикасы)
		Сан-Томе және Принсипи (Сан-Томе және Принсипи Демократиялық Республикасы)
		Свазиленд (Свазиленд Корольдігі)
		Сенегал (Сенегал Республикасы)
		Сомали (Сомали Федеративтік Республикасы)
		Судан (Судан Республикасы)
		Сьерра-Леоне (Сьерра-Леоне Республикасы)
		Танзания (Біріккен Танзания Республикасы)
		Того (Тоголез Республикасы)
		Тунис (Тунис Республиксы)
		Уганда (Уганда Республикасы)
		Чад (Чад Республикасы)
		Экваторлық Гвинея (Экваторлық Гвинея Республикасы)
		Эритрея (Эритрея Мемлекеті)
		Эфиопия (Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы)

Ескертпе:

Егер тур сақтандырылушының туристі міндетті сақтандырудың әртүрлі бағдарламалары бойынша сақтандыру аумағына жататын бірнеше елге баруын көздейтін болса, онда Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы «Туристі міндетті сақтандыру туралы» Заңына қосымшаға сәйкес туристі міндетті сақтандыру бағдарламасында көрсетілген ең көп сақтандыру сомасы бар туристі міндетті сақтандыру бағдарламасы бойынша сақтандыру аумағы таңдалады.

«Евразия» ӨСК» АҚ

Немірленген және байланған
18 парақта (тарда)

Жауапты жұмысшының

қолы

